

Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құралдарын кеден мақсаттары үшін қолдану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігінің 2003 жылғы 22 мамырдағы N 227 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 24 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2307. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 474 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.09.21 № 474 Бұйрығымен.

Ескерту: Бүкіл мәтін бойынша "агенттіктің" деген сөз "комитеттің" деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л д ы ;

"Кедендік бақылау" деген сөздердің алдында "Қаржы министрлігінің" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 339 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз).

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 424-бабына сәйкес ақпараттық жүйелердің және ақпараттық технологиялардың кеден операцияларын жасау кезінде пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін, бұйырамын: Қараңыз.К100296

1. Қоса беріліп отырған Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құралдарын кеден мақсаттары үшін қолдану е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің баспасөз қызметі осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының орынбасары Ә.Е.Мәмбеталинге жүктеледі.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 339 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз).

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Т ө р а ғ а н ы ң м і н д е т і н

атқарушы

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау комитеті
төрағасының 2003 жылғы
22 мамырдағы N 227 бұйрығымен
бекітілген

Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құралдарын кеден мақсаттары үшін қолдану ережесі

Ескерту: Мәтін бойынша "Агенттік", "Агенттіктің", "Агенттігімен", "Агенттікте" деген сөздер тиісті "Комитет", "Комитеттің", "Комитетімен", "Комитетте" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 339 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз).

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құралдарын кеден мақсаттары үшін қолдану ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 424-бабына сәйкес әзірленген және ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құралдарын кеден мақсаттары үшін қолданудың тәртібі мен шарттарын айқындайды.Қараңыз.К100296

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылды:

1) кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қалыптастыру жөніндегі бағдарламалық өнім - ақпараттарды электронды өндеуге арналған ақпараттық технология, ақпараттық жүйе, не ақпараттық жүйенің құрамдас бөлігі;

2) бағдарламалық өнімнің инсталляциялық пакеті - бағдарламалық өнімді орнату, баптау және жіберу үшін қажетті барлық құрамдас бөліктерді қамтитын магниттік немесе оптикалық тасығыштардағы файлдардың жиынтығы.

2. Кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қалыптастыру жөніндегі бағдарламалық өнімдерге тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттар

3. Кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қалыптастыру жөніндегі бағдарламалық өнімдерге (бұдан әрі - бағдарламалық өнім) Ереженің 7-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі нысанасына тексеру жүргізу мақсатында, өтініш беруші Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау Комитетіне (бұдан әрі - Комитет) мынадай құжаттарды ұ с ы н а д ы :

1) 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша ресімделген жазбаша ө т і н і ш ;

2) бағдарламалық өнімнің инсталляциялық пакеті және оның нұсқаулығы;

3) әзірленген бағдарламалық өнім арқылы кеден құжаттарын толтыру ережесіне сәйкес толтырылған кеден құжаттарының электронды көшірмелері;

4) жабдықтарға, операциялық жүйеге, бағдарламалық өнімнің деректер қорын басқару жүйесіне қойылатын талаптардың сипаттамасы;

5) кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қалыптастыру жөніндегі бағдарламалық өнімді пайдаланушының нұсқамасы;

6) мемлекеттік тіркелгендігі туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі - заңды тұлғалар үшін, және жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі - жеке тұлғалар үшін;

7) кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қалыптастыру жөніндегі бағдарламалық өнімді әзірлеуге арналған лицензиялық бағдарламалық құралдарды пайдаланғандығы туралы құжаттамалық растау.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 339 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз).

3. Бағдарламалық өнімдерді қолданудың шарттары мен тәртібі

4. Бағдарламалық өнімдер Ереженің 7-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес болуы шартымен қолдануға жатады.

5. Комитетке келіп түскен құжаттар 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша Кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қалыптастыру жөніндегі бағдарламалық өнімдердің есебін жүргізу журналына (бұдан әрі - Журнал) енгізіледі.

6. Комитет Ереженің 3-тармағында көрсетілген қажетті құжаттар келіп түскеннен бастап 1 айлық мерзімде бағдарламалық өнімнің Ереженің 7-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізеді.

7. Бағдарламалық өнім мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес белгіленген кеден құжаттарын

толтырудың пішіндік-логикалық бақылауын қамтамасыз ету;

2) бағдарламалық өнімдегі нормативтік-анықтамалық ақпарат Комитеттің Web-сайтында орналастырылған электронды анықтамалықтардан жаңғыртылуы т и і с .

Электронды анықтамалықтардың тізбесі мен пішіндерін Комитет айқындайды және Комитеттің Web-сайтында орналастырылады;

3) бағдарламалық өнім қалыптастыратын кеден құжаттарын электронды көшірмелері Комитеттің нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген пішіндерге сәйкес келуі тиіс.

8. Бағдарламалық өнім Ереженің 7-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, өтініш беруші белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы хабардар етіледі, ол туралы Журналға жазба жүргізіледі. Хаттың бірінші данасы өтініш берушіге жолданады, екіншісі - Комитетте қалады.

9. Бағдарламалық өнім Ереженің 7-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Комитет Өтініш берушіні Ереженің 6-тармағында белгіленген мерзімде жазбаша хабардар етеді.

10. Бағдарламалық өнімдерге қойылатын талаптар өзгерген жағдайда, Комитет Өтініш берушіні бағдарламалық өнімдерге қойылатын талаптардың өзгергендігі туралы жазбаша хабардар етеді және белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы хаттың қолданысын Өтініш беруші бағдарламалық өнімнің жаңартылған нұсқасын ұсынғанға дейін тоқтата тұрады.

11. Комитет Өтініш беруші бағдарламалық өнімнің жаңартылған нұсқасын хаттың қолданысы тоқтатыла тұрған күннен бастап 2 айдың ішінде ұсынбаған жағдайда, белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы хатты қайтарып алуға құқылы.

11-1. Бағдарламалық өнімнің белгіленген талаптарға сәйкес келуі туралы хатты қайта шақырту кедендік ресімдеу орындарында Өтінім берушінің бағдарламалық өнімі арқылы қалыптастырылған кедендік құжаттардың электронды көшірмелерін қабылдап алудан бас тартуға әкеледі.

Ескерту: 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 339 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз).

11-2. Өтінім берушіге бағдарламалық өнімнің белгіленген талаптарға сәйкес келуі туралы хат күшінің құқықтарын қайта жаңғырту туралы хабарламаны жіберу оны қайта шақырту себептері жойылғаннан кейін жүзеге асырылады және Комитет оны Өтінім беруші бағдарламалық өнімді енгізілген өзгерістермен ұсынған сәтінен бастап бір ай ішінде береді.

Ескерту: 11-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 339 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз).

11-3. Комитет Өтінім берушіге бағдарламалық өнімнің белгіленген талаптарға сәйкес келуі туралы хатты қайта шақыртуды үш реттен жоғары жіберсе, Комитет бағдарламалық өнімнің Комитетте қайта тіркеу құқығынсыз бағдарламалық өнімнің кедендік құжаттардың электронды көшірмелерін қалыптастыру үшін пайдалануға жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдайды.

Ескерту: 11-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 339 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз).

12. Бағдарламалық өнімнің Ереженің 7-тармағында жазылған талаптарға қатысы жоқ нұсқасы өзгерген жағдайда, Өтініш беруші Комитетті бағдарламалық өнімге енгізілген өзгерістердің сипаты туралы жазбаша хабардар етеді.

4. Кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қалыптастыруға арналған растауды алу үшін қажетті құжаттар

13. Кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қалыптастыруға арналған Комитеттің растауын алу мақсатында кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қалыптастыруды тікелей жүзеге асыратын сыртқы экономикалық қызметке қатысушы заңды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыратын немесе жүзеге асыруға ниет білдіретін жеке адамдар, не Комитетке мынадай құжаттарды ұ с ы н а д ы :

- 1) белгіленген нысан бойынша ресімделген өтініш (3-қосымша);
- 2) әділет органдары берген заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгендігі туралы куәліктің немесе жеке тұлға үшін жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) тек қана осы Ереженің талаптарына сәйкес тексеруден өткен бағдарламалық өнімдерді пайдаланатын адамдар кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қалыптастыру жөніндегі талаптарға сәйкес келетін бағдарламалық өнімді сатып алуға және пайдалануға арналған шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

Ескерту: 13-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 22 шілдедегі N 357 бұйрығымен , Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 қыркүйектегі

№ 339 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) бұйрығымен , 2007.05.10. № 122 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

13-1. Өзінің қызметін кеден брокері ретінде жүзеге асыру құқығына үміткер заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 400, 401-баптарымен тізімі анықталған құжаттармен бірге кедендік құжаттардың электронды көшірмелерін қалыптастыру жөніндегі талаптарға сәйкес келетін бағдарламалық өнімді сатып алуға және/немесе пайдалануға арналған шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің сәйкестігіне жазбаша растама ұсынады

Ескерту: 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2007.05.10. № 122 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

5. Кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қолданудың шарттары мен тәртібі

14. Кеден құжаттарының электронды көшірмелері кеден құжаттарының электронды көшірмелеріне Комитеттің нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген талаптарға сәйкес болуы шартымен қолдануға жатады.

15. Ереженің 13-тармағында көрсетілген қажетті құжаттар алынған жағдайда, Комитет олардың есебін белгіленген нысан бойынша (4-қосымша) ресімделетін Өтініштердің есебін жүргізу журналында (бұдан әрі - Журнал) жүзеге асырады.

16. Белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Комитет өтініш беруші тұлғаны жазбаша хабардар етеді.

17. Хатта, кейіннен өтініш беруші тұлға кеден құжатының әрбір қалыптасқан электронды көшірмесін белгілі бір ашық жеріне енгізетін, Журналға енгізілетін берілген код көрсетіледі.

18. Хат өтініш беруші тұлғаға өтініш түскен күннен бастап бір апталық мерзімде, ал кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру құқығына үміткер заңды тұлғаға лицензиямен бірге жолданады.

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 қыркүйектегі № 339 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз), 2007.05.10. № 122 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

19. Комитеттің хатын оған тұлға Қазақстан Республикасы кеден органдарының кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қалыптастыру

кезіндегі бағдарламалық өнімде пайдаланылатын нормативтік-анықтамалық ақпараттардың анықтамалықтарын жаңартуды жүргізеді.

20. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыға берілген коды көрсетіле отырып ұсынылған хат, кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, басқа сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар өткізетін тауарларға арналған кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қалыптастыру үшін пайдаланылмайды.

21. Ереженің 13-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Комитет өтініш берушіні Ереженің 18-тармағында белгіленген мерзімде хабардар етеді.

22. Берілген коды көрсетілген Комитеттің хатын Комитет мынадай:

1) кеден құжаттарының электронды көшірмелерінде деректердің сенімсіз көрсетілгендігі анықталған;

2) Ереженің 20-тармағында белгіленген талаптар бұзылған;

3) кеден брокерінің лицензиясы қайтарылып алынған;

4) Ереженің 13-тармағында көрсетілген құжаттарда дұрыс емес мәліметтер анықталған;

5) бағдарламалық өнімді әзірлеушімен бағдарламалық өнімді жаңарту, не келісімді жаңарту бойынша шаралар орындалмаған;

6) әзірлеуші бағдарламалық өнімнің осы Ереженің 7-тармағында бекітілген талаптарға сәйкес келуін тексеруден өткен соң бір апталық мерзім ішінде бағдарламалық өнімді жаңартуды жүргізбеген жағдайларда қайтарып ала алады.

Ескерту: 22-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 339 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз).

22-1. Көрсетілген берілген коды бар хатты қайта шақырту кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қабылдаудан бас тартуға әкеп соқтырады.

Ескерту: 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 339 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз).

22-2. Өтінім берушіге көрсетілген берілген коды бар хаттың күшін жаңғырту туралы хабарламаны жіберуді Комитет оны қайта шақырту себептері жойылғаннан кейін Өтінім беруші қайта шақырту себептерін жою фактілері көрсетілген хатты алған сәттен бастап екі апталық мерзімде жүргізіледі.

Ескерту: 22-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 339 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз).

22-3. Көрсетілген берілген коды бар хатты шақыртуды жіберудің саны үш реттен жоғары болса, Комитет берілген кодты шақырту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту: 22-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 339 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз).

23. Құжаттарда Ереженің 13-тармағында белгіленген мәліметтер өзгерген жағдайда, өтініш беруші Комитетті жүргізілген өзгерістер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жазбаша хабардар етеді.

Ескерту: 23-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2007.05.10. N 122 (бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Берілген код көрсетілген Комитет хатының мерзімі шектелмейді.

6. Қорытынды ережелер

25. Комитет Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келетін бағдарламалық өнімдер туралы ақпараттарды, сондай-ақ бағдарламалық өнімге қойылатын талаптардың өзгергендігі туралы ақпараттарды Комитеттің Web-сайтында орналастырады.

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау Комитеті
төрағасының
2003 жылғы 22 мамырдағы
N 227 бұйрығымен бекітілген
Ақпараттық жүйелерді,
ақпараттық технологияларды
және оларды қамтамасыз ету
құралдарын кеден мақсаттары
үшін қолдану ережесіне

1-қосымша

Өтініш

(өтініш беруші заңды тұлғаның толық және қысқартылған атауы

ОКПО коды, СТН, заңды және нақты мекен-жайы, мемлекеттік

тіркелгендігі туралы куәлігінің нөмірі немесе өтініш

беруші жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, тұратын

мекен-жайы және жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі)
кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қалыптастыру жөніндегі
бағдарламалық өнімге белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру
жүргізуді сұраймын:

(кеден құжаттарының түрлерін көрсету, болжалды

электронды көшірмелерді қалыптастыру)

З а ң д ы т ұ л ғ а н ы ң
н е м е с е ж е к е т ұ л ғ а н ы ң
б а с ш ы с ы н ы ң

Т.А.Ә.

қолы

мөр

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау Комитеті
т ө р а ғ а с ы н ы ң
2003 жылғы 22 мамырдағы
N 227 бұйрығымен бекітілген
Ақпараттық жүйелерді,
ақпараттық технологияларды
және оларды қамтамасыз ету
құралдарын кеден мақсаттары
үшін қолдану ережесіне

2-қосымша

**Кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қалыптастыру жөніндегі
бағдарламалық өнімдердің есебін жүргізу
Журналы**

N! Өтініш !Өтініштің !Бағдар.!Бағдар.!Кеден !Бағдарла. !Ес.
!берушінің!берілген !ламалық!ламалық!құжатта.!малық өнім. !керту
! атауы !(тіркелген)!өнімнің!өнім !ры элек.!нің нөмірі !
! ! күні !атауы !нұсқа. !тронды !және тір. !
! ! ! !сының !көшірме.!келген күні,!
! ! ! !нөмірі !лерінің !бас тартыл. !
! ! ! ! !түрлері !ған жағдай. !
! ! ! ! ! да - бас !

! ! ! ! ! ! тарту туралы!
! ! ! ! ! ! хаттың N !
! ! ! ! ! ! және күні !

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8

Ақпараттық жүйелерді,
ақпараттық технологияларды
және оларды қамтамасыз ету
құралдарын кеден мақсаттары
үшін қолдану ережесіне

3-қосымша

Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі
Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 339
бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз).

ӨТІНІШ

Т о л ы қ з а ң д ы т ұ л ғ а
немесе жеке адам атауы _____
Қ ы с қ а р т ы л ғ а н з а ң д ы т ұ л ғ а
немесе жеке адам атауы _____
КҰЖЖ _____ СТТН _____
Заңды мекен-жайы _____
Іс жүзіндегі мекен-жайы _____
Байланыс телефондары _____ E-mail _____
Кедендік құжаттардың электронды көшірмелерін қалыптастыруға
арналған растау беруді сұраймын

(олардың электронды көшірмелерін қалыптастыру көзделген кедендік
құжаттардың түрі көрсетілсін)

_____ арқылы
(бағдарламалық өнімнің атауы көрсетілсін)

(кеден брокері лицензиясын алуға немесе өз пайдасы үшіндігі
көрсетілсін)

Заңды тұлға басшысының аты-жөні _____
Қ о л ы М ө р
Жеке адам аты-жөні _____
Қолы

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау Комитеті
т ө р а ғ а с ы н ы ң
2003 жылғы 22 мамырдағы
N 227 бұйрығымен бекітілген
Ақпараттық жүйелерді,
ақпараттық технологияларды
және оларды қамтамасыз ету
құралдарын кеден мақсаттары
үшін қолдану ережесіне

4-қосымша

**Кеден құжаттарының электронды көшірмелерін қалыптастыруға
арналған өтініштердің есебін жүргізу
Журналы**

N! Өтініш	!Өтініштің	!Бағдарламаның,	!Бағдарламалық	!Ескерту
!берушінің	!берілген	!лицензияның	!өнімнің нөмірі	!
! атауы	!(тіркелген)	!болуы - кеден	!және тіркелген	!
!	! күні	!брокері үшін	!күні, бас тартыл.	!
!	!	!	!ған жағдайда -	!
!	!	!	!бас тарту туралы	!
!	!	!	!хаттың N және	!
!	!	!	!күні	!
